

13. Солтүстік Американың ең ыстық жері – Өлім аңғары (+57°C)

§29. Солтүстік Америка. Матеріктің географиялық орны. Ашылу және зерттелу тарихы

1. Тынық мұхиты мен Атлант мұхитын жалғастыратын канал – **Панама**
2. Солтүстік Американы Еуразиядан бөліп жатқан бұғаз – **Беринг**
3. X ғасырдың аяғында Исландия жағалауы арқылы Гренландия жағалауына жеткен халықтар – **нормандар**
4. XV ғасырдың аяғында Ньюфаундленд аралы мен Лабрадор түбегін ашқан саяхатшы – **Джон Кабот**
5. 1519 жылы ацтектер мемлекеті орналасқан қазіргі Мексика жерін басып алған – **Эрнан Кортес**
6. Солтүстік Америка материгінің солтүстігі мен шығысын ашқан саяхатшылар – **Генри Гудзон мен Александер Макензи**
7. 1741 жылы Витус Беринг пен Алексей Чириков ашқан жерлер – **Алеут аралдары мен Аляска түбегі**
8. 1778 жылы Солтүстік Американың батыс жағалауымен жоғары ендікке дейін зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Нортон шығанағын ашқан саяхатшы – **Джеймс Кук**
9. Солтүстік Америка материгінің солтүстік жағалауымен жүзіп өтіп, Жердің солтүстік магниттік полюсінің орнын анықтаған саяхатшы – **Руаль Амундсен**

§30. Жер бедері мен пайдалы қазбалар

1. Солтүстік Америкадағы басым жер бедері – **жазықтар**
2. Солтүстік Американың батыс бөлігінде орналасқан тау – **Кордильера**
3. Испан тілінен аударғанда «тау жотасы, тау тізбегі» деген мағына береді – **Кордильера**
4. Үшкір шыңдар тізбегінен тұратын тау жоталары – **Сьерралар**
5. «Сьерра» сөзі испан тілінен аударғанда мағынаны білдіреді – **ара**
6. Солтүстік Американың ең биік нүктесі – **Мак-Кинли 6193 м**
7. Кордильера тау жүйесінің жер қыртысында терең жарылыстардың пайда болу себебі – **екі литосфералық плитаның түйіскен жерінде орналасуы**
8. Аляска түбегі орналасқан материк – **Солтүстік Америка**
9. Солтүстік Американың солтүстігіндегі жазық аймақта тараған пайдалы қазбалар – **темір, мыс, никель**
10. Ұлы Жазықта кездесетін пайдалы қазба – **мұнай, газ, тас көмір**
11. Аппалач тауында кездесетін пайдалы қазба – **темір, тас көмір**